

ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ
ӘКІМДІГІ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
«АРҚАЛЫҚ ҚАЛАСЫ
БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН
АТЫНДАҒЫ ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН
МЕКТЕБІ» КММ



КГУ « ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ
ШКОЛА ИМЕНИ ӘЛИХАНА БӨКЕЙХАНА
ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ
ГОРОДА АРҚАЛЫКА» УПРАВЛЕНИЯ
ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА
КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

БҰЙРЫҚ

№55

ПРИКАЗ

«01» 09. 2023 ж

«Клуб, үйірмелерге бөлу туралы»

2023-2024 оқу жылында мектеп оқушыларын үйірме және клубтар жұмысына қатыстыру үшін төмендегі мұғалімдер жетекші болып тағайындалуын **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Құлажан Г.Н - «Дебат» үйірмесі - 0,25 ст,
2. Жумабаева А.У - «Театр» үйірмесі - 0,25 ст
3. Дүйсенов Б.Х - «Отбасылық әңгімелесу» үйірмесі – 0,25 ст
4. Аманова Р.Ж – «Адал ұрпақ» үйірмесі – 0,25 ст,
5. Аманова Р.Ж – «Құқық» үйірмесі -0,25 ст.
6. Қаби Н.Б. – «Домбыра дастан» үйірмесі – 0,25 ст
7. Сыздықов М.А. – «Жас сарбаз» клубы
8. Камалиев Ж.Т. - «Баскетбол» үйірмесі
9. Дүйсенов Б.Х - «Футбол» үйірмесі
10. Жумабаева А.У. - «Волейбол» үйірмесі

Бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры:



Оташев Б.С.

БЕКІТЕМІН:

«18» 08 2023ж.

Мектеп директоры:

Оташев Б.С.



КЕЛІСЕМІН:

«18» 08 2023ж.

Тәрбие ісінің орынбасары:

Молдрахметова С.А.

**Әлихан Бөкейхан атындағы жалпы білім беретін мектебінің
«Кемел» дебат үйірмесінің 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс**

| № | Жүргізілетін жұмыс мазмұны | Аяқталу нысаны | Сағат саны | Мерзімі |
|-----|---|----------------|------------|-------------|
| 1. | 1-бөлім. Кіріспе. Пікірсайыстың жалпы сипаттамасы. | Ақпарат беру | 1 | 05.09.2023. |
| 2. | Пікірсайыс дегеніміз не? | Ақпарат беру | 1 | 8.09.2023. |
| 3. | Пікірсайыс не үшін керек? | Ақпарат беру | 1 | 12.09.2023. |
| 4. | Пікірсайыстыру-ұлы дәстүр. | Пікірсайыс | 1 | 19.09.2023. |
| 5. | Пікірсайыс не береді? | Ақпарат беру | 1 | 19.09.2023. |
| 6. | 2-бөлім. Пікірталастың шығу тарихы мен дамуы. | Ақпарат беру | 1 | 3.10.2023. |
| 7. | Пікірсайыс мәдениеті мен талаптары. | Ақпарат беру | 1 | 8.10.2023. |
| 8. | Пікірсайыстың негізгі қағидалары. | Ақпарат беру | 1 | 10.10.2023. |
| 9. | 3-бөлім.Пікірсайыстың түрлері мен жалпы түсінігі | Ақпарат беру | 1 | 13.10.2023. |
| 10. | Пікірсайыстағы негізгі ескертулер мен қарсылықтар. | Ақпарат беру | 1 | 17.10.2023. |
| 11. | Кейс түсінігі, түрлері мен жасалуы. | Ақпарат беру | 1 | 20.10.2023. |
| 12. | Пікірсайыста спикердің (топтың) қабілеттілігі. | Ақпарат беру | 1 | 24.10.2023. |
| 13. | Спикердің негізгі міндеті. | Ақпарат беру | 1 | 14.11.2023. |
| 14. | 4-бөлім. Карл Попердың пікір-сайыс үлгісі. | Ақпарат беру | 1 | 17.11.2023. |
| 15. | Үкімет (жақтау тобы) және оппозицияның (даттау тобының) стратегиясы | Пікірсайыс | 1 | 21.11.2023. |
| 16. | Пікірсайысқа қатысушылардың (топтың) қабілеттілігі | Ақпарат беру | 1 | 24.11.2023. |
| 17. | 5-бөлім. Негізгі пікірсайыс ойынының жалпы түсінігі мен сөйлеу тәртібі. Құндылық (Америкалық парламенттік) форматы | Ақпарат беру | 1 | 28.11.2023. |
| 18. | Спикерлер және олардың сөздері. | Ақпарат беру | 1 | 5.12.2023. |
| 19. | Пікірсайыс ойынына қатысушылар. | Ақпарат беру | 1 | 12.12.2023. |
| 20. | Пікірсайысты жеңуге қажетті | Ақпарат беру | 1 | 22.12.2023. |

| | | | | |
|----|---|--------------|---|-------------|
| | ингредиенттер. | | | |
| 21 | Төрешілерге қойылатын талаптар мен міндеттер. | Ақпарат беру | 1 | 26.12.2023 |
| 22 | Спикерлерге балл қою жүйелері. | Ақпарат беру | 1 | 9.01.2024. |
| 23 | 6бөлім.Пікірсайысшылардың кеңесінің жалпы құрылымы. Қарар түсінігі. | Ақпарат беру | 1 | 16.01.2024. |
| 24 | Жақтау (үкіметтің) стратегиясы. | Ақпарат беру | 1 | 23.01.2024. |
| 25 | Ойын үстіндегі ескертулер | Ақпарат беру | 1 | 30.01.2024. |
| 26 | Сұрақ қою және жауап беру тактикасы. | Ақпарат беру | 1 | 6.02.2024. |
| 27 | Критерийлер және негізгі критерийлер. | Ақпарат беру | 1 | 13.02.2024. |
| 28 | Мәселелер мен түсінік. | Ақпарат беру | 1 | 20.02.2024 |
| 29 | Маңыздылығы мен тұтастығы. | Ақпарат беру | 1 | 27.02.2024. |
| 30 | Шешімділік пен жағымдылық. | Ақпарат беру | 1 | 5.03.2024. |
| 31 | 7 бөлім. Ойындар. Ойын тақырыптарымен танысу | Ақпарат беру | 1 | 12.03.2024. |
| 32 | Білімді ұрпақ-ел болашағы | Пікірсайыс | 1 | 16.04.2024. |
| 33 | Қазақстандық патриотизм-азаматтық тәрбиенің басы | Пікірсайыс | 1 | 14.05.2024. |
| 34 | Қорытынды | Ақпарат беру | 1 | 21.05.2024 |

«Арқалық қаласы білім бөлімінің

Ә.Бөкейхан атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ

Құлажан Гүлмарал Нұрланқызының «Кемел» дебат үйірмесінің

2023-2024 оқу жылындағы жартыжылдықта орындаған оқу жұмысының есебі

Аталған мектеп бойынша 2023-2024 оқу жылында 5-7 сынып оқушылардың арасында «Кемел» дебат клубы құрылып, жетекшісі қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Құлажан Гүлмарал Нұрланқызы тағайындалып, жылдық жоспары бекітілді.

Мақсаты: Заман талабының сұранысына санасы жетік, адами құндылықты жанына серік еткен, айналасына сын көзбен қарап, қоғамдық өмірге белсене араласатын жастардың жаңа буынын қалыптастыру.

Міндеттері:

- Оқушылардың шығармашылық қабілеттерінің айқындалуына мүмкіндік беру.
- Шешендік өнер және жұрт алдында сөйлеу мәдениеті қалыптасқан талантты жастарды анықтау;
- Талантты жастарды ынталандыру;
- Мектеп оқушылары арасында пікір-сайыстың деңгейін көтеру;
- Мектеп оқушыларының сын тұрғысынан ойлауын дамыту;
- Өз Отаны Қазақстан, оның басты құндылықтарын құрмет тұтып, мақтаныш сезімдерін қалыптастыру
- Оқушылардың жауапкершілігінің және танымдық қабілеттерін түрлі пікірталастар арқылы ортаға салу
- Оқушыларды коммуникативтілікке, сөйлеу мәдениетіне, сөз өнеріне, тұжырымды ойын дәлелдей білуге баулу
- Оқушының өзін – өзі тәрбиелеуіне, өзін және өзгені бағалай білуге үйрету

Жоспар бойынша клуб мүшелерімен танысу болды. Жартыжылда біз **Карл-Поппер форматы, Американдық парламенттік формат дебаты, Саяси формат, Америкалық Парламенттік Формат, БПФ форматы бойынша спикердің қызметі және де басқа тақырыптарды өттік.** Онымен қоса **Қарар дегеніміз не?, Диффиниция (кілттік сөздерге анықтама), Үкімет, Оппозиция, дебат уақытында қанша минуттан уақыт беріледі, сарапшы шешімі** сол туралы білдік.

Мен өзім бұрын сонды дебат ойнап көрмегенмін, сол себепті жетекшілік жасау өте қиынға соқты. Өзін бір нәрсені дұрыс түсінбесен оны біреуге түсіндіру мүлде қиын нәрсе екенін ұқтым. Қаладан 1 рет сенбі күні дебат жетекшілерін шақырды және дебат туралы бізге түсіндірді. Дебат туралы осыдан бастап шамалы түсінік қалыптасты және көбіне дебат АТФ форматында болатынын, сол себепті АТФ форматының қалай өткізілетінін үйретті. Уақыт тапшылығына байланысты тек ақпарат алдық, өзіміз дебат өткізіп үйрене алмадық. Оқушыларға да дебат туралы және АТФ форматы қалай түсіндім, сол қалпы түсіндірдім.

«Кемел» дебат үйірмесі жартыжылдықта тек ақпарат беру арқылы жұмыс жасады, әлі біз дебаттан турнир өткізбедік. Қалалық жарыстарға шақыртулар болған жоқ, алдағы уақытта болса қатысамыз деген ойдамын.

Енді жоспар бойынша алдағы тоқсаннан бастап сыныптар арасында турнирлер өткіземіз және қалалық турнирлерге қатысамыз деген ойдамын. Сосын фотоотчеттармен де жұмыс жасаймыз. Себебі 1 жартыжылдықта ешқандай фотоотчет жасалмады. Бұнымен әрине жұмыс жасалмаған сияқты көрінеді.